

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина  
университеті



# Студенттің өзіндік жұмысы

**Факультет:** Жалпы медицина

**Кафедра:** Микробиология, вирусология және иммунология

**Дисциплина:** Микробиология

**Курс:** 2

**Тақырыбы:** Трансмиссивті инфекциялар

**Орындау түрі:** мәнжазба

**Орындаған:** Шуренбай Н.А

**Тобы:** 208 «Б»

**Тексерген:** Насухин Ш.Б



Ақтөбе қ, 2016 ж



Инфекция дегеніміз-микроорганизмдердің микроорганизмдер ағзасына еніп көбеюі, соның нәтижесінде инфекциялық кезеңінің басталуын айтады. Инфекциялық сөзі лат. «infectio» -жұғу, жұқтыру деген мағынаны білдіреді. Инфекция термині эволюциялық процесс кезінде адам ағзасы-микроорганизм және қоздырушы микроорганизм арасындағы биологиялық қарым-қатынасты атайды.

Инфекциялық ауру-инфекциялық процестің клиникалық өзгешелігі, әр түрлі симптомдар және признактармен көрінеді,





## • Инфекциялық аурулардың таралуы:

- Инкубациялық кезең –ауруды жұқтырғаннан бастап клиникалық белгілерінің шығуына дейінгі уақыт.
- Продромальдік кезең-ең алғашқы клиникалық белгілердің көрінуі. Аурудың асқынған кезеңі-аурудың кезеңі.
- Реконвалесценттік кезең-симптомдардың жойылып, аурудың жазылу кезеңі.






- Инфекциялық аурулардың таралу деңгейін 5 топқа бөледі:
- 1.Ең жиі таралған аурулар (1 000 000 халыққа 1 000 оқиға)-  
тұмау, ОРВИ
- 2.Кең таралғандар (1 000 000 халыққа 100 оқиға)-вирустік  
гипотит А, жедел ішек инфекциялар, қызылша, қарамық т.  
б.
- 3.Жиі кездесетіндер (1 000 000 халыққа 10 оқиға)-көк  
жөтел, вирустік гипотит В.
- 4.Сирек кездесетіндер (1 000 000 халыққа 1-10 оқиға)-  
бруцеллез.
- 5.Өте сирек кездесетіндер (1 00 000 адамға 1 оқиға)-  
дифтерия, құтыру, сібір жарасы т.б.





- Тырысқақ (cholera) – қауіпті жіті ішек жұқпасы, Халықаралық медициналық – санитарлық ережелерге сәйкес жұқпаларға жатқызылады, бұл халық денсаулығына ықпал етуі және халықаралық мағынасы бар халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында төтенше жағдайлар туғызуы мүмкін.



*Vibrio cholerae* бактериялары ас қорыту органдарына түсе салысымен сұйық, ауырсындырмайтын, жиі іш өтуге әкелетін токсин бөледі. Ал жалпы улану тоқтаусыз құсуға әкеледі. Адам өзінен көп көлемде сұйықтық шығара бастайды, нәтижесінде ағза сусызданып, адам өліп кетуі де мүмкін.

Жұқпа таралуының жалғыз көзі – ауру адам немесе тырысқақ бойынша қолайсыз аймақтан келген қоздырғышты нәжіс немесе құсық арқылы бөлетін вибриотасымалдағыш.





Тұмау немесе грипп— тыныс жолдарының жұқпалы вирустық ауруы. Аурудың қоздырғышы – ортомиксовирустар, олардың үш типі: *A*, *B*, *C* бар. Өте жұқпалы ауру. Тұмау вирусының сыртқы қабыршағының құрамында гемагглютинин (оны *H* әрпімен белгіленеді) және нейраминидаза (*N* әрпімен белгіленеді) болады. Олар әр түрлі факторлардың әсерінен өзгеріп, тұмау вирусының жаңа вариантын түзуі мүмкін.



Кейде ол асқынып кетіп тыныс жолын, нерв жүйесін, қан тамырды, жүректі ауруға шалдықтырады. Тұмауды қоздыратын вирустар (микробтар) тыныс жолының кілегей қабығында өсіп-өнеді. Тұмау тиген адам аурудың микробын жөтелгенде, түшкіргенде және қақырығы арқылы ауаға таратады. Сондай-ақ тұмау вирусы науқастың ыдысы, сүлгісі, қол орамалы, кітабы және т.б. арқылы жұғады.





**Қызылша** — бұл өте жұқпалы ауру, әсіресе, тамаққа жарымайтын немесе туберкулез ауруына шалдыққан балаларға қауіпті. Ауру адаммен байланыста немесе қасында болғаннан кейін он күннен соң суық тию белгілері бойынша басталады: бұлар — қызу, тұмау, көздің қабынуы және жөтел. Ауру сәт сайын үдей түседі. Ауыз іші қабынып, ісініп, іш өтуі мүмкін. 2 немесе 3 күннен кейін ауыздың шырышты қабығында тұздың жартысындай кішкентай ақ дақтар көріне бастайды. Одан кейін екі немесе үш күн өткен соң құлақта және мойында, сосын бетте және денеде, ең соңында қол мен аяқта бөртпелер пайда болады. Денеге бөртпелер шыққаннан кейін баланың жағдайы әдетте жақсарады. Бөртпелер 5 күннің ішінде шығып болады. Кейде тері астына қанның құйылуы (қара қызылша) салдарынан шашы-раңқы қара дақтар (көгерген жерлер) байқалады. Бұл дерттің өте күшті екендігін білдіреді. мұндайда дәрігерлік көмек керек.






- **Безгек** — бұл инфекциялық қан ауруы, ол адамды қалтыратып, аласұрғызады. Бұл безгекпен ауыратын адамның қанынан безгек паразиттерін сорып алатын шыбын-шіркейлер, маса-соналар арқылы тарайды және олар басқа адамды шағып, оның қанына безгек инфекциясын түсіреді, бірнеше мәрте қайталатын ауру түрі.
- Безгек - *Plasmodium* тұқымдасындағы қарапайымдылармен шақырылатын, трансмиссивті механизммен берілетін адам организмінде эритроциттерді зақымдап, клиникасында ұстама тәрізді қызбамен, гепатоспленомегалиямен, анемиямен өтетін антропонозды инфекция.. Таратушы *Anopheles* тобына жататын масалар. Клиникасында ұстамалы қызба, гипохромды анемия, талақ пен бауырдың өсуі болады.





- **АИВ (ВИЧ)** — ұзақ уақыт лимфоциттерде, макрофагтарда, жүйке тіндерінде персистерлеуші қабілеті бар адамның иммуножетіспеушілік вирусымен шақырылатын ауру. Тіндерде ұзақ уақыт сақталуы салдарынан организмнің жүйкелі және иммундық жүйесін баяу зақымдайды, ол екіншілік инфекциялар, жеделдеу энцефалитпен, ісіктер және тағы да басқа патологиялық өзгерістермен сипатталады, осының бәрі науқас адамның өліміне әкеледі. АИВ инфекция бірнеше кезеңдермен өтеді, соңғы кезеңнің ЖПИЖС терминімен анықтайды (синдром – жүре пайда болған иммундық жетіспеушілік). Қазірі кезеңде АИВ инфекция өте тез өршуге бейім.





- **Карантин** — ауру ошағын толық оңашалау және ондағы ауруды толық жоюды қарастыратын шаралар жүйесі.
- **Карантин** – жұқпалы ауруларға шалдыққан немесе сол індеттер бойынша күдікті адамдар мен жануарларды жұқпалы аурулардан сақтауға, сол аурулардың жан-жаққа таралмауы үшін алдын ала жүргізілетін әкімшілік, медициналық-санитариялық, ветеринариялық-санитариялық кешенді шаралар жүйесі.

